

«Бекітемін»

ЖШС «Шалхар-Ата» 6/6

Менгерушісі: А.Медетова



«Көктем аруы»



Тәрбиешілер: А. Дауренова.

Э.Усенбаева.

«1-Мамыр» 2023 жыл

«Көктем аруы» сайысы

Ана деген алғыс алам халқымнан,

Ана десем теңіз болам шалқыған.

Ана десем ашылады қабағым,

Ана десем әділдікті ұғамын.

Біз ғана емес,

Қадір тұтқан бабалар,

Аналардан туған небір даналар,

Ана деген тіршіліктің тірегі,

Армысыздар қасиетті аналар!

Тәрбиеші: Құрметті қонақтар, ұжымдастар және
мың бұралған қыздар бүгін көктемнің алғашқы
мерекесі **8-Наурыз** Аналар мейрамы құтты
болсын!

Бүгінгі күн сіздерге мерекелік көңіл-күй тілей
отырып, аналар мерекесіне арналған

«**Көктем аруы**» атты Қыз сыны **2023** байқауын
бастауға рұқсат етіңіздер.

Уа, халайық, халайық,

Бастамас бұрын сайысты,

Ұлымыздан бақшамыздың

Аталы бата алайық.

Екі түрлі әнші бар,

Біреуі соның бата алған,

Ешқашан артық болмайды

Ұлымыздан бата алған.

Балабақша тәрбиеленушісі аруларымызға бата береді.

Мейіржан: А,құдайым оңдасын,
Оң жолына бастаған,
Бастарыңа бақ сыйлап,
Қыдыр ата қолдасын.
Тұғырдан таймас қыран бол,
Білім асқан ару бол,
Еліңе ұнар ару бол,
Халқың сүйер аққу бол,
А,құдай жарылқа! Әумин!

Тәрбиеші: Ал енді олай болса ару
қыздарымызды ортаға шақырайық.

(Арулар әуенмен,қошеметпен ортаға шығады)

1-аруымыз-----

2-аруымыз -----

3-аруымыз -----

4-аруымыз -----

5-аруымыз -----

6-аруымыз -----

7-аруымыз -----

8-аруымыз -----

Тәрбиеші: «Көктем ару» сайысын аруларымыз
өзін-өзі таныстырудан басталады.

Сайыста жеңісте бар, жеңілісте бар,

Қуанып, шатанып күлуде бар.

Өнерін тамашалап отыр қауым,

Сайыста әділқазылар тағыда бар.

(Әділқазылар алқасымен таныстыру)

1.-----

2.-----

3.-----

Ал аруларға сәттілік тілейікші,-дей келе

балабақшамыздың меңгерушісі: Медетова

Айсулу апайымызға сөз берейік.

Құрметті көрермендер сайысымыздың

шарттарымен таныстырып өтейін.

1. «Сәлем сөздің атасы» (сәлемдесу)
2. «Білімдінің күні жарық» (сұрақ-жауап)
3. «Өнерлі өрге жүзер» (өз өнерін көрсету)
4. «Қол өнер»
5. «Қыздарға әсемдік жарасады» (сән киім)
6. «Ас- адамның арқауы» (салат жасау)

Тәрбиеші: Кімдер жүйрік, өнерпаз білейікші,

Аруы деп тобымыздың жүрейікші.

Әділқазыларға тек әділдік,

Ал, аруларымызға тек сәттілік тілейікші!

1) «Сәлем -сөздің атасы» деп аталады

Бірінші сайысымыздың қортындысы бойынша
әділқазылар алқасы бағаларыңызды беріңіздер..

Тәрбиеші: Таныс болдық арулар өзіңменен,

Туып өскен мекені,еліңменен.

Бәрі әрі ақын,әрі әнші,

Таныстырып кетті ғой тегіменен, дей отырып,
сайысымыздың екінші кезеңі.

2) «Білімдінің күні жарық»(сұрақ-жауап) деп
аталатын сайысымызға кезек береміз.

Балабақшамызда білім алып жүрген пәндер
бойынша сұрақтар беріледі.

Тәрбиеші: Ал енді әділқазылар

алқасы, аруларымызға ұпайын беріңіздер.

3) «Өнерлі өрге жүзер» өз өнерін көрсету.

Аруларымыздың өнерлерін тамашалауға рұқсат етіңіздер.

Әділқазылар алқасының ұпай сандары.

4) «Қол-өнер»-деп аталады (арулар үйден өз қолдарыменен жасаған бұйымдарын көрсетеді)

Әділқазылар алқасы өз шешімдерін шығарады.

5) «Сән үлгі»-деп аталады.

Әділқазылар алқасының шешімдері.

6) «Ас адамның арқауы» (салат жасау)

Тәрбиеші: Өмірдегі ең асыл жан-Ана. Сол үшін балалар аналарымызды, әжелерімізді, қыздарымызды

сыйлайық, ардақтайық, құрметтеп жүрейік.

Құрметті аналар ұжымдастар мерекелеріңіз

құтты болсын. Сәбилердің күлкісі әрбір

шаңыраққа қуаныш, бақыт әкелсін!

Сау саламатта болыңыздар!

